

Арыс қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 маусымдағы № 3/17-VI шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы 21-1 бабына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Арыс қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е.Алимбаев

Мәслихат хатшысы

А.Байтанаев

Арыс қалалық мәслихатының 2016 жылғы
20 маусымдағы "Арыс қалалық
мәслихатының
кейбір шешімдерінің күші жойылды деп
тану
туралы" № 3/17 - VI шешіміне қосымша

Арыс қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Арыс қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 36/214-V "Арыс қалалық мәслихатының 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 19/114-V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2962 тіркелген, 2015 жылғы 7 ақпандағы "Арыс ақиқаты" газетінің 6-санында жарияланған) шешімі.

2. Арыс қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 3 сәуірдегі № 26/156-V "Арыс қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2620 тіркелген, 2014 жылғы 17 мамырдағы "Арыс ақиқаты" газетінің 20-21-санында жарияланған) шешімі.

3. Арыс қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38/231-V "Арыс қалалық мәслихатының 03.04.2014 жылғы № 26/156-V "Арыс қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3144 тіркелген, 2015 жылғы 9 мамырдағы "

Арыс ақиқаты" газетінің 21-санында жарияланған) шешімі.

4. Арыс қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 48/288-V "Арыс қалалық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3525 тіркелген, 2016 жылғы 23 қаңтардағы "Арыс ақиқаты" газетінің 4-санында жарияланған) шешімі.

5. Арыс қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 2 маусымдағы № 40/238-V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3229 тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдедегі "Арыс ақиқаты" газетінің 29-санында жарияланған) шешімі.

6. Арыс қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 30 қазандағы № 45/274-V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 2 маусымдағы № 40/238-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3428 тіркелген, 2015 жылғы 28 қарашадағы "Арыс ақиқаты" газетінің 48-санында жарияланған) шешімі.

7. Арыс қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 48/289-V "Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3531 тіркелген, 2016 жылғы 26 қаңтардағы "Арыс ақиқаты" газетінің 5-санында жарияланған) шешімі.